

*Еліміздің бұдан әрі әлеуметтік-экономикалық дамуы және алдағы кезеңге міндеттер қою мәселелері бойынша Мемлекет басшысының қатысуымен өтетін кеңеске ҚРҰБ Төрағасы Ғалымжан Пірматовтың баяндамасы
2022 жыл, 12 желтоқсан*

Құрметті Қасым-Жомарт Кемелұлы!

Құрметті әріптестер!

2022 жылы Қазақстанның экономикасы мен қаржы секторы **бұрын-соңды болмаған күтпеген өзгерістермен аса жоғары белгісіздік жағдайында дамыды.**

(2-СЛАЙД. 2022 ЖЫЛЫ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЭКОНОМИКАСЫ МЕН ҚАРЖЫ СЕКТОРЫ БҰРЫН-СОҢДЫ БОЛМАҒАН КҮТПЕГЕН ӨЗГЕРІСТЕРГЕ ҰШЫРАДЫ)

Энергия, азық-түлік пен шикізат тауарларының әлемдік бағасы айтарлықтай өсіп, тауар жеткізу жолдарының бұзылуы инфляциялық процестерді күшейте түсті.

Инфляциялық қысымның өсуі әлемдегі орталық банктердің ақша-кредит талаптарын **тез әрі синхронды түрде** күшейтті. **АҚШ Федералдық резервтік жүйесінің** мөлшерлемені агрессивті түрде көтеруі дамушы елдердің валюталарына қысым жасап, **доллардың соңғы 20 жылдағы ең жоғары деңгейге** дейін нығаюына алып келді.

(3-СЛАЙД. 2022 ЖЫЛҒЫ ҚАҢТАР-ҚАРАША АЙЛАРЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ БАНК ҚЫЗМЕТІНІҢ НЕГІЗГІ ҚОРЫТЫНДЫСЫ)

2022 жылы күтпеген өзгерістердің бұрын-соңды болмаған сипатына қарамастан Ұлттық Банк келесі нәтижелерге қол жеткізді:

1. **Қаржы жүйесін** тұрақсыздандырудың алдын алу. Ұлттық Банк қабылдаған жедел шаралар **қаржы жүйесінің тұрақтылығын** сақтауға мүмкіндік берді.

2. Биылғы қазан айында **депозиттер** ең жоғары тарихи деңгейге, яғни **30,0 трлн** теңгеге дейін жетіп, **теңгедегі активтерге деген сенім** артты.

3. **Валюта нарығының** теңгерімділігі қамтамасыз етілді. Нарықтағы сұраныс пен ұсынысты **нарық қатысушылары** айқындайды.

4. Дамушы нарықтардан капиталдың айтарлықтай әкетілуіне қарамастан, **Ұлттық Банктің басқаруындағы активтердің ұзақ мерзімді кірістілігі** оң аймақта сақталуда.

5. Халықтың бөлшек төлемдеріне қызмет көрсету үшін **Ұлттық төлем жүйесі** іске қосылып, нақты қатысушылармен цифрлық теңгенің технологиялық платформасы тестілеуден сәтті өтті.

(4-СЛАЙД. 2022 ЖЫЛЫ КҮТПЕГЕН ГЕОСАЯСИ ӨЗГЕРІСТЕР САЛДАРЫНАН ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ИНФЛЯЦИЯ ЖЫЛДАМДАДЫ)

Күтпеген **геосаяси** өзгерістердің орын алуына байланысты **Қазақстанда инфляция** қарқын алды. Биылғы қараша айында жылдық инфляция **19,6%-ға** жетті.

24,1%-ға дейін жеделдеген **азық-түлік** бағасының өсуі инфляцияға үлкен үлес қосып отыр. **Азық-түлікке жатпайтын** инфляция **18,6%-ға** жетті, ақылы қызмет көрсету бағасы **14,1%-ға** өсті.

Инфляцияның республикалық деңгейден жоғары өсуі **Маңғыстау** облысында, **Астана** қаласында, **Ақмола**, **Ұлытау**

және **Қарағанды** облыстарында тіркелді.

Инфляцияның өсуі **сыртқы инфляциялық қысымның** артуы **тауарларды логистикалық жеткізу жолдарын** қайта құру, рекордтық **инфляциялық күтулер**, сұранысты **фискалдық ынталандыру** және **кредиттеудің** ұлғаюы аясында жалғасуда.

Жылдың соңына дейін инфляция **20-21%-ға** дейін көтеріліп, 2023 жылдың 1-тоқсанында шарықтау шегіне жетеді деп күтілуде.

Инфляцияны тұрақтандыру үшін Ұлттық Банк **дезинфляциялық ақша-кредит саясатын** іске асыруды жалғастырып отыр.

Қабылданған шаралардың әсер ету шамасын және инфляциялық қысымның жеңілдеуіне қарай нақты мөлшерлеменің өсуін ескере отырып, **2023 жылы** инфляцияның **11-13%-ға** дейін төмендейтіні болжануда.

(5-СЛАЙД. ҰЛТТЫҚ БАНК ҚАБЫЛДАЙТЫН ШАРАЛАР ТЕҢГЕДЕГІ АКТИВТЕРГЕ СЕНІМДІ АРТТЫРУҒА АЛЫП КЕЛЕДІ)

Базалық мөлшерлеме халықтың теңгедегі салымдарына арналған **шекті мөлшерлемелерін** Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қорының көтеруімен қатар жүрді.

Үкіметпен бірлесіп **теңгедегі салымдарды қорғау бағдарламасы** іске асырылуда. Бағдарламада жеке тұлғалардың теңгедегі депозиттері бойынша өтемақы (сыйақы) есептеу көзделеді.

Сонымен қатар жылдың басында теңгедегі жинақ салымдары бойынша **кепілдік берілген өтеудің** ең жоғары **мөлшері 15 млн теңгеден 20 млн теңгеге** дейін ұлғайтылды.

Қабылданған шаралар теңгедегі халық депозиттерінің қысқаруына жол бермеуге, екінші деңгейлі банктерді қорландыру базасын тұрақтандыруға, депозиттерді долларландыруды **ақпан айындағы 38,4%-дан қазан айында 35,3%-ға** дейін төмендетуге мүмкіндік берді.

Теңгедегі активтерге деген сенімді арттыру арқылы халықтың **тұтынудан жинақтау әрекетіне көшуін** ынталандырады, бұл инфляциялық қысымды төмендетуге септігін тигізеді.

(6-СЛАЙД. ИКЕМДІ БАҒАМ ҚАЛЫПТАСТЫРУ НАРЫҚТЫҢ ТЕҢГЕРІМДІЛІГІН АРТТЫРАДЫ ЖӘНЕ ТЕҢГЕРІМСІЗДІКТЕРДІҢ ЖИНАҚТАЛУЫНА ЖОЛ БЕРМЕЙДІ)

Геосаяси жағдайдың шиеленісуі және жаһандық қаржы нарықтарындағы қолайсыз жағдайлар ұлттық валютаның динамикасына әсер етті. Наурыз айында ұлттық валютаның долларға шаққанда **512,17** теңгеге дейін рекордтық әлсіреуінен кейін, мамыр айында теңге бағамы 1 доллар үшін **414,79** теңгеге дейін нығайды.

Валюта нарығының теңгерімділігін жақсартуға **бағамның** екіжақты **құбылмалылығына** жол беру, валюталық сауданың **нарықтық қағидаттарын** одан әрі кеңейту арқылы Ұлттық Банктің валюта саясатын өзгерту есебінен қол жеткізілді.

Квазимемлекеттік сектор субъектілерінің **4,8 млрд** долларды құраған валюталық түсімді сатуы, Ұлттық қордан трансферттерді қамтамасыз ету үшін **3,9 млрд доллар** мөлшерінде валютаны сату, Ұлттық Банктің **1,4 млрд доллар** көлеміндегі валюталық интервенциялары теңгеге қолдау көрсетті.

АҚШ Федералды резервтік жүйесі ақша-кредит

саясатының агрессивті қатаңдауы себебінен **АҚШ долларының жаһандық нығаюы** дамушы елдердің әрі дамыған елдердің валюталарына теріс әсер етеді. Доллардың ДХҮ индексі жыл басынан бері 9,5%-ға нығайды.

(7-СЛАЙД. ТӨЛЕМ БАЛАНСЫНЫҢ АҒЫМДАҒЫ ШОТЫ ОҢ ӨСУ АЙМАҒЫНА ШЫҚТЫ)

Шикізат бағасының жоғары болуына байланысты **2022** жылы төлем балансының ағымдағы шотының **профицит аймағына** өтетіні және мұнайдың, металдың, уран мен астықтың әлемдік бағасы жоғары болғандықтан **тауарлар экспортының** өсуі есебінен сол аймақта сақталатыны күтіледі. 2023 жылы ағымдағы шот профицитінің **1,9 млрд доллар** деңгейінде, ал **2024** жылы **1,2 млрд доллар** деңгейінде болатыны күтіледі.

Тауар импорты жоғары сұраныс пен фискалдық шығыстар аясында жоғары деңгейде қалады. **2023-2024** жылдары тауар импорты 2016 жылмен салыстырғанда **2 есе ұлғайып, рекордтық тарихи мәннен асып түсетін** болады.

2023-2024 жылдары **профициттің болжамды қысқаруы импортқа деген сұраныстың тұрақты өсуіне** байланысты болады.

(8-СЛАЙД. ҰЛТТЫҚ ҚОРДЫҢ АКТИВТЕРІ ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ БАНКТИҢ АЛТЫНВАЛЮТА РЕЗЕРВТЕРІ)

Осы жылдың 1 желтоқсанында **жалпы халықаралық резервтер 89,7 млрд доллар** болды.

2022 жылы **алтын** бағасының төмендеуіне, **мемлекеттік қарыздың** төленуіне сондай-ақ биылғы бірінші тоқсанда **валюталық интервенциялардың** жүргізілуіне байланысты

алтын-валюта резервтері **467 млн** долларға төмендеді.

Мұнай бағасының қалпына келуіне және тиісінше **6,0 трлн** теңге мөлшеріндегі жоғары түсімдерге, оның ішінде **9,8 млрд** доллар көлеміндегі шетел валютасындағы түсімдерге байланысты Ұлттық қордың **активтері 55,8 млрд** долларға дейін ұлғайды.

Қаржы нарығындағы құлдырауға қарамастан, Ұлттық қордың құрылғаннан бергі кірістілігі жылдық мәнде **3,08%** болды.

(9-СЛАЙД. ЗЕЙНЕТАҚЫ ЖИНАҚТАРЫН МЕРЗІМІНЕН БҰРЫН АЛУ КӨЛЕМІНІҢ ТӨМЕНДЕУІ ЗЕЙНЕТАҚЫ АКТИВТЕРІНІҢ ӨСУІНЕ ЫҚПАЛ ЕТТІ)

Зейнетақы активтері жыл басынан бері **1,3 трлн** теңгеге немесе **10,3%-ға** ұлғайып, 2022 жылғы 30 қарашадағы жағдай бойынша **14,4 трлн теңге** болды.

Жыл басынан бері **инвестициялық кіріс** көлемі **806 млрд** теңге, зейнетақы **жарналары – 1,5 трлн** теңге, зейнетақы **төлемдері – 240 млрд** теңге болды.

2022 жылы зейнетақы жинақтарын тұрғын үй жағдайларын жақсарту, емделу және жеке басқаруға беру мақсатында мерзімінен бұрын алуға **881 млрд** теңге сомасына **865 мыңнан астам өтінім** орындалды.

Жағымсыз макроэкономикалық жағдайға қарамастан, зейнетақы активтерінің **кірістілігі 2022** жылдың басынан бастап **5,8%-ды** құрады. Бұл ретте соңғы бес жылда жинақталған кірістілік инфляция деңгейінен **асады**.

Құрметті Қасым-Жомарт Кемелұлы!

(10-СЛАЙД. 2023 ЖЫЛҒА ЖОСПАРЛАР МЕН БОЛЖАМДАР)

Ұлттық Банк алдағы 2023 жылға мынадай міндеттер қояды:

1. Инфляцияны тұрақтандыру.

Қабылданған ақша-кредит саясаты шаралары есебінен инфляция **11-13%-ға** дейін төмендейді деп болжанады.

Үкіметпен бірге **жүйелі** шаралар кешенін жалғастыра отырып, **инфляцияға қарсы саясатты** жалғастыру маңызды.

Осы тұрғыда **азық-түлік нарықтарының** теңгерімді дамуына, **тауарларды жеткізу жолдарын тиімді қайта бағдарлауды** қолдауға ерекше назар аударуды ұсынамыз. Бұл шаралар ішкі бағаларды сыртқы жағдайларға бейімдеу процесінің жеңіл өтуіне мүмкіндік береді.

2. Валюта саясаты және төлем балансы

Валюта нарығының **тиімділігін** арттыруға, экономикадағы **дисбаланстың** жинақталмауына және халықаралық **резервтердің** сақталуына ықпал ететін **икемді бағам белгілеу режимін** іске асыру жалғасады.

Төлем балансының және жалпы экономиканың сыртқы шоктарға осалдығын **қосылған құны жоғары** тауарлардың **ішкі өндірісін** дамыту есебінен ғана төмендетуге болады.

3. Бағалы қағаздар нарығын дамыту.

Сіздің тапсырмаңыз бойынша **барлық салымшыларға** зейнетақы жинақтарының бір бөлігін жеке компанияларды басқаруға беру құқығын тапсыру бойынша шаралар қабылданады. Бұл шаралар салымшыларға олардың **тәуекел мен кірістілік** өлшемдеріне жауап беретін инвестициялық стратегияларды **таңдау құқығын** қолдануға мүмкіндік береді, зейнетақы активтерін басқару қызметтері нарығында

монополияландыруға жол бермейді және жалпы алғанда жергілікті **бағалы қағаздар нарығында** оң әсерін тигізеді.

Ұлттық Банктің сенімгерлік басқаруындағы **активтерді бәсекелестік ортаға кезең-кезеңімен беру** бойынша іс-шаралар қосымша жүзеге асырылады. Бұл бәсекелес ортаны қалыптастыру үшін жағдайды жақсартады, ол бағалы қағаздардың ішкі нарығына оң әсер етіп, оның өтімділігі мен тиімділігін арттырады, оның ішінде институционалдық сұранысты арттыру есебінен экономика үшін қорландыру базасын кеңейтуге ықпал етеді.

4. Төлем жүйесі мен цифрлық инфрақұрылымды дамыту

Қабылданған жүйелі мемлекеттік шаралар мен қаржылық қызметтерді белсенді цифрландырудың нәтижесінде соңғы 5 жылда халықтың қолма-қол ақшасыз транзакциялары **37 есе** өсті. Қолма-қол ақшасыз төлемдерді қабылдау желісі айтарлықтай кеңейді – 2022 жылы **қолма-қол ақшасыз төлемдерді қабылдайтын кәсіпкерлер саны 508,5 мыңға** дейін **2,1 еседен** аса өсті.

Ұлттық Банк банкаралық комиссияларды оңтайландыру үшін Халықаралық төлем жүйесімен 2025 жылға дейін **банкаралық комиссияларды 2 есеге кезең-кезеңмен төмендету** жөнінде уағдаластыққа қол жеткізді.

Ұлттық төлем жүйесінің сервистерін масштабтау, **биометриялық сәйкестендіру** инфрақұрылымын жаңғырту, **Open API және Open Banking** ашық стандарттарын енгізу жұмыстары жалғасады, бұл азаматтар мен бизнес үшін қаржылық қызметтердің **қолжетімділігін** арттыруға мүмкіндік береді.

«**Цифрлық Теңге**» жобасы бойынша 2022 жылғы қазан айында цифрлық теңгенің технологиялық платформасын тестілеу сәтті өтті. Пилоттық жоба аясында нақты тұтынушылар мен сауда-сервистік кәсіпорындар қаржы нарығына қатысушылардың қосымшаларын пайдалана отырып, **цифрлық теңгемен 3 500-ден астам транзакцияны** жүзеге асыра алды.

Халық арасында жүргізілген сауалнаманың қорытындысы бойынша, **респонденттердің 60%-дан астамы** цифрлық теңгені пайдалануға дайын.

2022 жылғы 15 желтоқсанға дейінгі мерзімде жан-жақты **зерттеу** нәтижелері мен ұлттық цифрлық валютаны ендіру қажеттілігі туралы **ұсынылатын қорытынды шешім** берілген **баяндама** жарияланады.

Оң шешім болған жағдайда **2023 жылдың 4 тоқсанында әлеуметтік төлемдер мен мемлекеттік сатып алу** сценарийлері үшін цифрлық теңгені өнеркәсіптік қолдану ұсынылады.

Назарларыңызға рақмет!